

**«6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие» мамандығы бойынша
PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған
Шауенова Меруерт Ауесхановнаның «У.Кайқауыстың
«Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ
мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау» тақырыбындағы
диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің**

ШКІРІ

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті. Елбасы ұлтымыздың дәстүрі мен мәдениетін бойына сіңірген ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығына байланысты, "Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды дамытуымыз керек. "Рухани жаңғырудың" мән-маңызы да осында" дей келе, "Егер жаңғыру елдің рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды" деген болатын. Осы тұрғыдан алғанда әлемдік педагогикалық ойлар тарихында өзіндік орны бар У.Кайқауыстың "Қабуснамасы" халық педагогикасынан нәр алған тарихи-мәдени мұралардың бірі болып табылады.

Қазіргі тәрбие үдерісінде ортағасырлық педагогикалық еңбектердің тәрбиелік әлеуетінің маңыздылығы мен мәнін қарастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Көбесов, Ә.Көшербаева, Т.Ахметов, Қ.Әтемова, Қ.Сарбасова және т.б. ғалымдардың еңбектері бар. Дегенмен, ол еңбектерде ортағасырлық ғұламалардың педагогикалық идеяларын болашақ педагогтерді даярлау үдерісінде пайдалануға емес, оның құралдары, формалары мен әдістерінің тәрбиелік ықпал етуіне қатысты мәселелерді ашуға басымдық берілген. Ендеше, диссертант М.Шауенованың зерттеу тақырыбының заман талабына орай көтерілген, өзекті мәселе екендігі күмән туғызбайды.

Диссертант болашақ МДҰ педагогтерін ғұлама-ойшыл У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде даярлау арқылы олардың адамгершілік және кәсіби тұлғасын ғана емес, ұлттық болмысын қалыптастыру және мәдени-тарихи мұраларға деген қызығушылықтары мен құрметін жетілдіру мәселелерін қарастырады. Бұл диссертацияның көкейкестілігін дәлелдеп қана қоймай, М.Шауенованың зерттеу жұмысының теориялық құндылығын арттыра түседі. Диссертацияда "У.Кайқауыстың "Қабуснамасындағы" тағылымдық мәселелер теориялық тұрғыда талданып, әдістемесі ұсынылған.

М.Шауенова *зерттеу барысында* ҚР білім беру саясатының нормативтік-құқықтық құжаттарымен танысу, ортағасырлық ойшылдар мен отандық және шетел ғалымдарының психологиялық-педагогикалық әдебиеттерін талдау, модельдеу, теориялық негіздеу; озық тәжірибелерге талдау жасау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген, **алғаш:**

1. У.Кайқауыстың туындысы «Қабуснама» алғаш педагогикалық зерттеу тақырыбына айналып, У.Кайқауыс дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен «Қабуснаманың» ғылыми еңбектердегі зерттелу жайы анықталған;

2. Болашақ МДҰ педагогтерін У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялары арқылы даярлау теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген;

3. У.Кайқауыстың педагогикалық ілімінің идеялық бастаулары және олар халық педагогикасымен сабақтастықта анықталған;

4. У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары негізінде болашақ МДҰ педагогтерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, даярлау шарттары анықталған;

5. Болашақ МДҰ педагогтерін «Қабуснамадағы» педагогикалық идеялар негізінде даярлаудың әдістемесі жасалып, тәжірибеден өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген.

Докторанттың «У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау» атты элективті курсы мен «У.Кайқауыстың педагогикалық идеялары» атты лекциялар жинағын дайындап, олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеруі диссертация жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен тақырыпшаларының бір-бірімен логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Бұл докторанттың диссертациялық жұмысты жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

М.Шауенованың жарық көрген еңбектері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай келеді. Диссертацияның мазмұны бойынша барлығы 11 еңбегі жарық көрген.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының дәлелді жүргізілуі автордың зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін байқатады. Шауенова Меруерт Ауесхановна диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен, біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Аталмыш диссертацияның мазмұны толық, рәсімделуінде де қателіктер кетпеген, жалпы зерттеу жұмысы талаптарға сай жазылған.

Сонымен, Шауенова Меруерт Ауесхановнаның «У.Кайқауыстың «Қабуснамасындағы» педагогикалық идеялар негізінде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау» тақырыбындағы диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек.

Диссертациялық жұмысты «6D010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесшісі,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



Манкеш А.Е.